

**Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 612 "2023 жылға арналған жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 290 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кентау қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 612 "2023 жылға арналған жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикалық нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) Осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Байболоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ж.Тасов*